



 SEMSER	«Semser Security» ЖШС	
«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қадағалау кеңесі туралы Ереже		
EP 2-04-12	Редакциясы 2	1-ші бетті 10 беттің
Әзірлеген: Оңғаров Б.Ж.  «26» наурыз 2012 ж.	Тексерген: Қайырбаев А.Қ.  «26» наурыз 2012 ж.	Жалғыз қатысушы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ шешімімен бекітілді 2012 ж. «03» сәуірдегі №30 хаттаманың 9-т

1 бап. Жалпы ережелер

1. Осы «Semser Security» ЖШС Қадағалау кеңесі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Semser Security» ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) Жарғысына сәйкес әзірленді.

2. Бұл Ереже Серіктестіктің Қадағалау кеңесі (бұдан әрі- Қадағалау кеңесі) мүшелерінің құзыретін, сан құрамын және сайлау тәртібін, мүшелердің өкілдігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін, құқықтары мен міндеттерін, шақыру, отырыстар өткізу және шешімдерін ресімдеу тәртібін, шешімдердің орындалуын бақылауды, жауапкершілігін және оның Серіктестіктің басқа органдарымен әрекеттесуін, сондай-ақ оның мүшелерінің мерзімнен бұрын өкілдігін тоқтату тәртібін анықтайды.

3. Қадағалау кеңесі Серіктестіктің атқарушы органының (Серіктестіктің Басқармасының) қызметіне бақылау жүргізетін орган болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Серіктестіктің Жарғысымен белгіленген шеңберде ұйымдастырды.

4. Қадағалау кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Серіктестіктің Жарғысын, осы Ережені және Серіктестіктің басқа ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

5. Қадағалау кеңесінің құзыреті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Серіктестіктің Жарғысымен және осы Ережемен анықталады.

6. Қадағалау кеңесі Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы алдында жауапкершілікте болады.

2 бап. Қадағалау кеңесінің құзыреті

1. Қадағалау кеңесінің құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) орталық аппараттың және Серіктестіктің Астана қаласы бойынша арнайы бөлімшесінің, филиалдары мен өкілдіктердің әкімшілік-басқару персоналының штат санын, сондай-ақ Серіктестіктің орталық аппаратының басқару құрылымын бекіту;

2) Басқарманың барлық активтерді қайта бағалау туралы шешімдерін бекіту;

3) Серіктестік немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;

	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қадағалау кеңесі туралы Ереже	
EP 2-04-12	Редакциясы 2	2 бетті 10 беттің

4) Серіктестік Басқармасының тәуекелді басқару жөніндегі есебін, Серіктестіктің тәуекелді басқару, тиімділікті сақтау мен талдауды қамтамасыз ету жөніндегі ішкі үдерістерін бекіту, сондай-ақ осы үдерістерді жетілдіру;

5) Серіктестіктің есеп саясаты мен салықтық есеп саясатын бекіту жатады;

6) Серіктестіктің негізгі құралдарын, тауарлық-материалдық қорлары мен материалдық емес активтерін бір бірлік үшін, бес жүз есе айлық есептік көрсеткіштен астам тиісті қаржы жылына Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген баланстық құнымен сату мен есептен шығару туралы шешімдерді қабылдау;

7) кепілдіктерді беру, қаржылық көмек және қарыз беру туралы шешімдерді қабылдау;

8) Қазақстан Республикасының және Серіктестіктің Жарғысымен белгіленген тәртіпте Серіктестіктің қаржылық есебіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды (сыртқы аудит), оның қызметінің төлем мөлшерін анықтау;

9) лауазымдық еңбекақылар тәсімін, лауазымдық еңбекақылардың мөлшерлерін, қызметтің уәждемелік басты көрсеткіштерін, Бас директорға (Басқарма төрағасына) және Серіктестіктің Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшерлерін бекіту;

10) басшылық ететін жұмыскерлердің тізімін, әкімшілік және басшылық персоналдың лауазымдық еңбекақыларының тәсімін, басшылық персоналы қызметі тиімділігінің уәждемелік басты көрсеткіштерін, басшылық персоналына сыйақы төлеу мөлшерлерін бекіту;

11) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының келісімі бойынша тағайындау және босату Бас директорымен (Басқарма төрағасымен) жүзеге асырылатын лауазымдар номенклатурасын бекіту.

12) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиісті нормативтері мен әкімшілік аппаратты орналастыратын алаңның көлемін анықтау, және басқа нормативтері;

13) қызметтік іссапарға жіберілетін Серіктестік жұмыскерлерінің шығындарын өтеу тәртібі мен шарттарын анықтау;

14) жұмыскерлерге ұялы байланыспен пайдалану құқығы берілген кезде Серіктестік есебінен өтелетін шығындардың лимитін, өкілдік шығындар лимитін анықтау;

15) оған Жалғыз қатысушымен берілген, соңғының айрықша емес құзыретіне жататын кез келген мәселелерді қарау;

2. Серіктестік Жарғысының 49 тармағына сәйкес Қадағалау кеңесіне Серіктестіктің Жалғыз қатысушысымен оның айрықша құзыретіне жатпайтын келесі мәселелерді қарау өкілеттігі берілді:

1) Серіктестік қызметінің басымды бағыттарын анықтау;

2) Серіктестіктің міндеттемелерін ұлғайту алдындағы күннен Серіктестіктің міндеттемелерін жыл соңындағы оның өзіндік капиталының мөлшерінен 25 (жиырма бес) және одан артық пайыз құрайтын көлемге ұлғайту туралы шешімді

 SEMSEK	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қадағалау кеңесі туралы Ереже	
ЕР 2-04-12	Редакциясы 2	3 бетті 10 беттің

қабылдау;

3) тексеру комиссиясының жыл сайынғы жұмыс жоспарын бекіту.

3. Қадағалау кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер шешу үшін Серіктестік Басқармасына тапсырылмайды.

4. Қадағалау кеңесінің Жарғыға сәйкес Серіктестік Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

3 бап. Қадағалау кеңесінің құрамы және оның мүшелерін сайлау тәртібі, өкілеттігі мерзімнен бұрын тоқтату

1. Қадағалау кеңесі саны кемінде үш адамнан тұратын 5 жылдан артық емес мерзімге Жалғыз қатысушымен тағайындалады. Қадағалау кеңесінің мүшесі бір уақытта Серіктестік Басқармасының мүшесі бола алмайды.

2. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің құрамына сайланған тұлғаларды Жалғыз қатысушы шексіз қайта сайлай алады, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылмаса.

3. Қадағалау кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз қатысушымен белгіленеді. Қадағалау кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз қатысушы Қадағалау кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған сәтте аяқталады.

4. Жалғыз қатысушы Қадағалау кеңесінің барлық немесе жекеленген мүшелерінің өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы.

5. Қадағалау кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша оның өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату Қадағалау кеңесінің әр мүшесіне, Жалғыз қатысушыға жіберілген жазбаша хабарландыру негізінде іске асырылады. Қадағалау кеңесінің мұндай мүшесінің өкілдігі аталмыш хабарландыруды Қадағалау кеңесінің барлық мүшелері мен Жалғыз қатысушы алған кезден бастап тоқтатылады.

6. Қадағалау кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімнен бұрын тоқтатылған жағдайда, оның жаңа мүшесі Жалғыз қатысушының шешімімен сайланады. Бұл ретте Қадағалау кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі, жалпы Қадағалау кеңесі өкілеттігінің мерзімімен бір уақытта аяқталады.

7. Қадағалау кеңесінің мүшелері Жалғыз қатысушы мүдделерінің уәкілдері ретінде Қадағалау кеңесіне сайлануға ұсынылған (кеңес берілген) тұлғалар қатарынан сайланады.

8. Қадағалау кеңесінің басқа мүшелерінің кандидатты ұсыну туралы жазбаша ұсынысы Жалғыз қатысушының қарауына жіберіледі.

9. Қадағалау кеңесінің мүше(лерін) сін сайлау үшін Жалғыз

 SEMSEK	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қадағалау кеңесі туралы Ереже	
ЕР 2-04-12	Редакциясы 2	4 бетті 10 беттің

қатысушыға келесі ақпарат берілу керек:

- 1) кандидаттың тегі, аты мен әкесінің аты;
- 2) кандидаттың жасы мен білімі;
- 3) жұмыс орны мен ол соңғы үш жылы атқарған қызметтері;
- 4) кандидаттың басқа заңды тұлғалардың органдарында мүшелігі;
- 5) Серіктестікпен жасалған мәмілелер туралы.

4 бап. Қадағалау кеңесінің мүшесіне қойылатын талаптар

1. Тек қане жеке тұлға Қадағалау кеңесінің мүшесі бола алады.
2. Қадағалау кеңесінің мүшесі:
 - 1) Жалғыз қатысушының, Қадағалау кеңесінің басқа мүшелерінің және Серіктестік жұмыскерлерінің сеніміне кіруге;
 - 2) барлық мүдделі тұлғалардың мүдделерін ескере алу және дәйекі шешімдер қабылдай алуға тиісті;
 - 3) Қадағалау кеңесінің қызметіне сындарлы үлес қосуға мүмкіндік беретін кәсібі білімі, жұмыс өтілі мен біліктілігі болу керек;
 - 4) коммерциялық келешек пен тәуекелдерді бағалай алу;
 - 5) оған жүктелген міндеттерді тиімді орындауға мүмкіндік беретін жеткілікті уақыты болу керек. Қадағалау кеңесінің мүшесі басқа заңды тұлғаның органдарына қатысу туралы шешім қабылдаған кезде немесе басқа ұйымға жұмысқа қабылданғанда оған жүктелген міндеттерді тиісінше орындау үшін жеткілікті уақыты болу керектігіне сүйенеді.

5 бап. Қадағалау кеңесі мүшелерінің құқықтары

1. Қадағалау кеңесінің мүшесі құқылы:
 - 1) Қадағалау кеңесінің Төрағасына Қадағалау кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі көрсетілген жазбаша хабарлама жіберу арқылы Қадағалау кеңесінің отырысын шақыртуды талап етуге. Қадағалау кеңесінің Төрағасы дәлелді себептер бойынша болмаған жағдайда немесе Қадағалау кеңесінің Төрағасы отырысты шақыртудан бас тартса, бастамашы көрсетілген талаппен Жалғыз қатысушыға жолығуға құқылы, Жалғыз қатысушы талап түскен күннен он күн ішінде Қадағалау кеңесінің отырысын шақыртуға міндетті.
 - 2) Қадағалау кеңесі отырысының күн тәртібі бойынша ескертулер мен ұсыныстар енгізуге;
 - 3) Қадағалау кеңесімен қаралатын күн тәртібінің мәселелері бойынша өз пікірін айтуға. Қадағалау кеңесімен қабылданған шешіммен келіспеген

	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қадағалау кеңесі туралы Ереже	
EP 2-04-12	Редакциясы 2	5 бетті 10 беттің

жағдайда Қадағалау кеңесінің мүшесі өз көз қарасын (ерекше пікірін) жазбаша нысанда мазмұндауға құқылы;

4) талқылауға қатысуға және Қадағалау кеңесінің отырысына қатысып отырған баяндамашыларға сауалдар қоюға;

5) Серіктестік Басқармасынан және/немесе Серіктестіктің Бас директорынан (Басқарма төрағасынан) қажет ақпаратты алуды талап етуге;

6) өкілеттігін өз бастамасы бойынша Қадағалау кеңесі мен Жалғыз қатысушыны жазбаша хабарландыру арқылы мерзімнен бұрын тоқтатуға.

6 бап. Қадағалау кеңесі мүшесінің міндеттері

1. Қадағалау кеңесінің мүшесі:

1) Серіктестік пен Жалғыз қатысушы мүдделерінде өз қызметін адал және жауапкершілікпен орындауға;

2) онымен Серіктестік және Жалғыз қатысушы арасында мүдделер дауына келтіретін немесе мүмкіндігі бойынша келтіруі мүмкін іс-әрекеттерден тартынуға, ал осындай дау орын алғанда немесе пайда болғанда ол туралы Қадағалау кеңесіне хабарлауға;

3) Қадағалау кеңесін Серіктестікпен мәміле жасау талабы туралы жазбаша хабарландыруға, сондай-ақ Серіктестікпен жасалған мәмілелер туралы ақпарат беруге;

4) Жалғыз қатысушыны басқа заңды тұлғаның органдарына сайланғаны немесе басқа ұйымға жұмысқа қабылданғаны туралы хабардар етуге;

5) Қадағалау кеңесінің отырыстарына қатысуға. Қадағалау кеңесінің отырысына қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда Қадағалау кеңесінің мүшесі бұл туралы Қадағалау кеңесінің Төрағасын сәйкес себептерді түсіндіре отырып алдын ала хабарландырады;

6) Қадағалау кеңесінің мүшесі міндеттерін атқарған мерзімде және «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ жұмысты аяқтағаннан кейін бес жыл бойы Серіктестік туралы құпия ақпаратты жарияламауға және өзінің, үшінші тұлғалардың мүдделерінде пайданабауға міндетті.

7 бап. Қадағалау кеңесінің Төрағасы

1. Қадағалау кеңесін Жалғыз қатысушымен тағайындалатын Қадағалау кеңесінің Төрағасы басқарады.

2. Қадағалау кеңесінің Төрағасы болып мінсіз іскерлік атағы мен басқару лауазымдарында жұмыс өтілі бар, Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесі мүшелерінің сеніміне сөзсіз кірген және адалдық пен бір беттілік қасиеттері бар тұлға тағайындалады.

	<p align="center">«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қадағалау кеңесі туралы Ереже</p>	
<p>ЕР 2-04-12</p>	<p align="center">Редакциясы 2</p>	<p align="right">6 бетті 10 беттің</p>

3. Қадағалау кеңесі Төрағасының өкілеттік мерзімі Қадағалау кеңесінің Ереженің 3 бабының 1 тармағында көрсетілген өкілеттік мерзімінен аспау керек.

4. Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Қадағалау кеңесінің Төрағасы кез келген уақытта қайта сайлануы мүмкін.

5. Қадағалау кеңесінің Төрағасы заңнамамен және Жарғымен белгіленген тәртіпте:

- 1) Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
 - 2) Қадағалау кеңесінің отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;
 - 3) Қадағалау кеңесінің отырыстарында хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады;
 - 4) Серіктестіктің атынан Бас директормен (Басқарма төрағасымен) еңбек келісімшартын жасайды, Қадағалау кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақының мөлшерін анықтайды. Бұл ретте еңбек келісімшарты Серіктестіктің Қадағалау кеңесімен белгіленген Серіктестіктің Бас директорына (Басқарма төрағасына) материалдық сыйақының тікелей байланысы мен қызметтің уәждемелік басты көрсеткіштері жөніндегі жоспардың орындалуын бағалаудың нәтижелерінен жауапкершілігін ескеру керек;
 - 5) Серіктестіктің атынан аудиторлық ұйымдармен жыл сайын аудит жүргізу туралы келісімшарт жасайды;
 - 6) Бас директордың (Басқарма төрағасының) және Серіктестік басқармасының мүшелеріне шетелдік іссапарларға шығуына келісім береді;
 - 7) Қадағалау кеңесі мүшелерінің біреуіне Серіктестік Басқармасының қызметін тексеру міндеттерін жүктей алады немесе кейбір мәселелерді анықтау үшін мамандар тарта алады;
 - 8) Заңнамамен және Жарғымен көзделген басқа мәселелер.
6. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның қызметін Қадағалау кеңесінің шешімі бойынша Қадағалау кеңесі мүшелерінің біреуі атқарады.

8 бап. Қадағалау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу, Қадағалау кеңесінің шешімдерін ресімдеу тәртібі

1. Қадағалау кеңесінің отырыстары қажет болған жағдайда оның өз төрағасының бастамасы бойынша, Жалғыз қатысушының, Қадағалау кеңесінің кез-келген мүшесінің, атқарушы органның, тексеру комиссиясының талабы бойынша шақырылады.

	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қадағалау кеңесі туралы Ереже	
EP 2-04-12	Редакциясы 2	7 бетті 10 беттің

2. Қадағалау кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Қадағалау кеңесінің Төрағасына жазбаша хабарлама арқылы Қадағалау кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін көрсете отырып жіберіледі.

3. Қадағалау кеңесінің отырысы Қадағалау кеңесінің Төрағасымен шақыру туралы талап түскен күннен 10 (он) күннен кешіктірмей шақыртылу керек.

4. Хатшы Қадағалау кеңесінің мүшелерін отырыс басталғанға дейін кемінде 3 (үш) күнтізбелік күні бұрын отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дәйекті шешімдерді қабылдауға қажетті көлемдегі ақпараты бар материалдарды қатыстыра отырып отырыстың өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етеді.

5. Отырыс өткізу туралы хабарламада отырыс өткізілетін күні, уақыты мен орны туралы мәлімет, сондай-ақ оның күн тәртібі болу керек.

6. Қадағалау кеңесінің отырысы міндетті аталған талапты ұсынған тұлғаны шақырумен өткізіледі.

Қадағалау кеңесінің отырысында, отырысқа қатысушы Қадағалау кеңесі мүшелерінің бірауыздан қарар шешімімен отырыста қаралуға қабылданған мәселелерді қоспағанда, тек қане күн тәртібімен көзделген мәселелер каралады.

7. Қадағалау кеңесінің отырысы үшін материалдар, Қадағалау кеңесінің отырыстарын өткізуге Серіктестіктің тексеру комиссиясы бастамашылық еткен жағдайлардан басқаларда, Басқармамен дер кезінде әзірленге және хатшыға, Қадағалау кеңесінің мүшелеріне ұсынылға тиісті.

8. Қадағалау кеңесімен Серіктестіктің міндеттемелерін ұлғайту алдындағы күннен Серіктестіктің міндеттемелерін жыл соңындағы оның өзіндік капиталының мөлшерінен 25 (жиырма бес) және одан артық пайыз құрайтын көлемге ұлғайту туралы шешім қабылдау үшін мәселе Қадағалау кеңесінің қарауына Серіктестік Басқармасымен сәйкес келісімшарттарға қол қойғанға дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей шығарылады.

9. Қадағалау кеңесінің отырысы үшін материалдарда Қадағалау кеңесі сәйкес шешім қабылдау үшін қажет барлық ақпарат болу керек, соның ішінде күн тәртібіне шығарылатын мәселенің қысқа сипаттамасы, шешімді қабылдау қажеттілігінің, негізгі проблемелердың, шешімдерді қабылдаған немесе қабылдамаған жағдайда мүмкін салдарының негіздемесі енгізіледі.

10. Қадағалау кеңесінің мүшесіне шешім қабылдау үшін ұсынылғаннан басқа материалдар қажет болған жағдайда шығарылған мәселені немесе Қадағалау кеңесінің отырысын шақыруға бастамашы оларды Қадағалау кеңесінің мүшелеріне беру бойынша іс-шаралар қабылдайды.

11. Дауыс берген кезде Қадағалау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Қадағалау кеңесі қарастыратын мәселелер бойынша шешімдер

	<p align="center">«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қадағалау кеңесі туралы Ереже</p>	
<p>ЕР 2-04-12</p>	<p align="center">Редакциясы 2</p>	<p align="right">8 бетті 10 беттің</p>

Қадағалау кеңесінің отырысқа қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстардың тең түскен жағдайында, Қадағалау кеңесінің төрағасы берген дауыс шешім қабылдауға негіз болады.

12. Қадағалау кеңесінің отырысына қытысушылардың немесе онда таныстырылған мүшелердің дауысы жалпы дауыстар санының жартысынан артық болса, Қадағалау кеңесінің отырысы заңды, ал кворум шарттары сақталған деп танылады. Қадағалау кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта белгіленген кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қадағалау кеңесі Серіктестіктің Жалғыз қатысушысынан Қадағалау кеңесінің жаңа мүшелерін сайлауды талап етуге міндетті.

13. Қадағалау кеңесі Төрағасының билігі бойынша Қадағалау кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау мүмкін.

Қадағалау кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруі Қадағалау кеңесінің хатшысымен жасалған шешім жобасына Қадағалау кеңесі мүшелерінің қолын қою арқылы жүргізіледі.

Қадағалау кеңесінің сырттай отырысының шешімі Қадағалау кеңесі мүшелерінің қолы жалпы дауыстар санынан кемінде үштен екісі болған жағдайда жарамды деп танылады.

14. Күндізгі тәртіпте өткізілген отырыстарда қабылданған Қадағалау кеңесінің шешімдері отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) күн ішінде отырыста төрағалық еткен тұлғамен, және Қадағалау кеңесінің хатшысымен әзірленген және қолы қойылған хаттамамен ресімделеді және онда:

- 1) Қадағалау кеңесінің толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты мен орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) кворумның бар болуы;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) дауысқа салынған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 7) қабылданған шешімдер;
- 8) Қадағалау кеңесінің шешімі бойынша басқа мәліметтер көрсетіледі.

15. Сырттай дауыс беру арқылы Қадағалау кеңесінің талқылауына берілген мәселелерді Қадағалау кеңесінің әрбір мүшесімен қарастыру мерзімі соңғының талқылауға түскен күнінен бастап бес жұмыс күнінен аспауы керек.

16. Дауыс беруден қалыс қалған немесе күн тәртібі бойынша қабылданатын шешімге қарсы дауыс берген Қадағалау кеңесінің мүшесі жазбаша негіздеме ұсынады. Мұндай негіздеме Қадағалау кеңесінің хатшысымен хаттамаға немесе Қадағалау кеңесінің шешіміне қоса тіркеледі.

	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қадағалау кеңесі туралы Ереже	
EP 2-04-12	Редакциясы 2	9 бетті 10 беттің

17. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Қадағалау кеңесінің шешімдері мен Қадағалау кеңесінің хаттамалары Серіктестіктің мұрағатында сақталады.

18. Қадағалау кеңесінің хатшысы Қадағалау кеңесінің мүшелерімен Серіктестік жұмыскерлерінің қатарынан сайланады. Қадағалау кеңесінің хатшысына Қадағалау кеңесі мүшелерінің құзыреті берілмейді және Қадағалау кеңесінің мүшелері дауыс берген кезінде дауысқа ие бола алмайды.

Қадағалау кеңесінің әрбір отырысына күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қатыстырылып хатшымен күн тәртібі жасалады. Қадағалау кеңесінің отырысында хатшы хаттама жүргізу үшін жауапты болады. Отырыс хаттамасы отырыс өткізілгеннен кейін үш күннен кешіктірілмей рәсімделеді және оған Төраға, Қадағалау кеңесінің барлық мүшелері мен хатшы қол қояды.

Қадағалау кеңесінің хатшысы Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің отырысында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауап береді.

19. Қадағалау кеңесінің хатшысы Қадағалау кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Қадағалау кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге міндетті және (немесе) оған Серіктестіктің өкілетті қызметкерімен және Серіктестіктің мөр бедерлемесі бар куәландырылған хаттамадан және шешімнен үзінділерді береді.

9 бап. Қадағалау кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылау

1. Қадағалау кеңесі шешімдерінің орындалуына бақылау Қадағалау кеңесінің сәйкес шешімдерімен тағайындалған орындаушылардың Қадағалау кеңесіне есеп ұсынуы арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Қадағалау кеңесімен белгіленген мерзімдерде Басқарма Қадағалау кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есеп береді.

3. Басқармамен ұсынылған есептерді қарау қорытындылары бойынша Қадағалау кеңесі өз құзырлығы шегінде Басқармаға қажет тапсырмалар беруге құқылы.

4. Қадағалау кеңесінің хатшысы қабылданған шешімдер мен сәйкес тапсырмаларды Басқарма назарына жеткізеді және Қадағалау кеңесін Қадағалау кеңесінің шешімдерін орындаудың бақылаудағы мерзімдері туралы хабардар етеді.

10 бап. Қадағалау кеңесі мүшелерінің жауапкершілігі

	«Semser Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қадағалау кеңесі туралы Ереже	
ЕР 2-04-12	Редакциясы 2	10 бетті 10 беттің

1. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының талабы бойынша Қадағалау кеңесінің мүшелері Серіктестікке келтірген зиянның орнын толтыру жөнінде жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Бұл ретте олар бірігіп Серіктестікті тиісінше басқармау салдарынан келтірілген зиян үшін ынтымақтастықпен жауап береді.

2. Атқару органының мүшелері Серіктестікті тиісінше басқармағаннан болған Серіктестіктің дәрменсіздігі (банкроттық) салдарынан үшінші тұлғаларға келтірілген шығындар үшін Қадағалау кеңесінің мүшелері олардың алдында Серіктестікпен біріккен жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

11 бап. Қадағалау кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу



1. Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Қадағалау кеңесінің мүшелері өз міндеттерін атқарған кезеңде оларға Серіктестіктің бекітілген бюджет сомалары шегінде сыйақы төлену және (немесе) олардың Қадағалау кеңесінің мүшелері функцияларын орындаумен байланысты шығындарының орны толтырылуы мүмкін.

2. Мұндай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Жалғыз қатысушымен бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша белгіленеді. Бұл ретте Жалғыз қатысушы Қадағалау кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшерін анықтаған кезде Қадағалау кеңесі мүшесінің оның құрамында болған мерзімі, Серіктестік қызметінің өндірістік көрсеткіштері, бюджеттің орындалуы мен таза кірістің болуы ескеріледі.

12 бап. Қорытынды ережелер

1. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданысығағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

2. Осы Ереже Жалғыз қатысушымен бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

	ТОО «Semser Security»	
Положение о Наблюдательном совете товарищества с ограниченной ответственностью «Semser Security»		
ПЛ 2-04-12	Редакция 2	Стр. 1 из 11
Разработал: Ондаров Б.Д.  «26» марта 2012 г.	Проверил: Каирбаев А.К.  «26» марта 2012 г.	Утверждено решением Единственного участника – АО НК «КазМунайГаз» «03» апреля 2012 г. протокол №30 п.9.

Статья 1. Общие положения

1. Настоящее положение о Наблюдательном совете ТОО «Semser Security» (далее - Положение) разработано в соответствии с законодательством Республики Казахстан и Уставом ТОО «Semser Security» (далее - Товарищество).

2. Настоящее Положение определяет компетенцию, численный состав и порядок избрания, досрочного прекращения полномочий членов, права и обязанности, порядок созыва, проведения заседаний и оформления решений, контроль за исполнением решений, ответственность членов Наблюдательного совета Товарищества (далее – Наблюдательный совет) и его взаимодействие с иными органами Товарищества, а также порядок досрочного прекращения полномочий его членов.

3. Наблюдательный совет является органом, осуществляющим контроль за деятельностью исполнительного органа Товарищества (Правления Товарищества) и организует свою деятельность в пределах установленных законодательством Республики Казахстан и Уставом Товарищества.

4. В своей деятельности Наблюдательный совет руководствуется законодательством Республики Казахстан, Уставом Товарищества, настоящим Положением и иными внутренними нормативными документами Товарищества.

5. Компетенция Наблюдательного совета определяется действующим законодательством Республики Казахстан, Уставом Товарищества и настоящим Положением.

6. Наблюдательный совет несет ответственность перед Единственным участником Товарищества.

Статья 2. Компетенция Наблюдательного совета

1.К компетенции Наблюдательного совета относятся следующие вопросы:

1) утверждение штатной численности центрального аппарата и административно-управленческого персонала Специального подразделения охраны Товарищества по городу Астана, филиалов и представительств Товарищества, а также структуры управления центрального аппарата Товарищества;

	Положение о Наблюдательном совете товарищества с ограниченной ответственностью «Semser Security»	
ПЛ 2-04-12	Редакция 2	стр. 2 из 11

- 2) утверждение решений Правления о переоценке всех активов;
- 3) определение информации о Товариществе или его деятельности составляющей служебную, коммерческую и иную охраняемую законом тайну;
- 4) утверждение отчета Правления Товарищества по управлению рисками, внутренних процедур Товарищества по управлению рисками, обеспечение соблюдения и анализ эффективности, а также совершенствование таких процедур;
- 5) утверждение учетной политики и налоговой учетной политики Товарищества;
- 6) принятие решения о реализации и списании основных средств, товарно-материальных запасов и нематериальных активов Товарищества балансовой стоимостью более пятисоткратного месячного расчетного показателя, установленного законодательством Республики Казахстан на соответствующий финансовый год, за одну единицу;
- 7) принятие решения о выдаче гарантий, предоставлении финансовой помощи и займов;
- 8) определение в установленном законодательством Республики Казахстан и Уставом Товарищества порядке аудиторской организации (внешний аудит), осуществляющей аудит финансовой отчетности Товарищества, размера оплаты ее услуг;
- 9) утверждение схемы должностных окладов, размеров должностных окладов, мотивационных ключевых показателей деятельности, размеров вознаграждений Генерального директора (председателя Правления) и членов Правления Товарищества;
- 10) утверждение перечня управленческих работников, схемы должностных окладов административного и управленческого персонала, мотивационных ключевых показателей деятельности управленческого персонала, размеров вознаграждений управленческого персонала;
- 11) утверждение номенклатуры должностей, назначение и освобождение, на которые осуществляется Генеральным директором (председателем Правления) по согласованию с Единственным участником Товарищества.
- 12) определение нормативов положенности служебных легковых автомобилей и нормы площадей для размещения административного аппарата, а также иные нормативы;
- 13) определение порядка и условий возмещения расходов работникам Товарищества, направляемым в служебные командировки;
- 14) определение лимитов возмещаемых расходов за счет средств Товарищества при предоставлении работникам права пользования мобильной связью, лимитов представительских расходов;
- 15) рассмотрение любых вопросов, делегированных ему Единственным участником, не относящихся к исключительной компетенции последнего.

	Положение о Наблюдательном совете товарищества с ограниченной ответственностью «Semser Security»	
ПЛ 2-04-12	Редакция 2	стр. 3 из 11

2. В соответствии с пунктом 49 Устава Товарищества Наблюдательному совету Единственным участником Товарищества делегированы полномочия, не относящиеся к его исключительной компетенции по рассмотрению следующих вопросов:

- 1) определение приоритетных направлений деятельности Товарищества;
- 2) принятие решения об увеличении обязательств Товарищества на сумму, составляющую 25 (двадцать пять) и более процентов от размера его собственного капитала, определяемого за отчетный период, предшествующий дате увеличения обязательства Товарищества;
- 3) утверждение ежегодного плана работы ревизионной комиссии.

3. Вопросы, отнесенные к компетенции Наблюдательного совета, не могут быть переданы для решения Правлению Товарищества;

4. Наблюдательный совет не вправе принимать решения по вопросам, которые в соответствии с Уставом отнесены к компетенции Правления Товарищества, а также принимать решения, противоречащие решениям Единственного участника Товарищества.

Статья 3. Состав Наблюдательного совета и порядок избрания его членов, досрочное прекращение полномочий

1. Наблюдательный совет избирается Единственным участником сроком не более чем на 5 лет и в количестве не менее трех членов. Член Наблюдательного совета не может быть одновременно членом Правления Товарищества.

2. Лица, избранные в состав Наблюдательного совета, могут быть переизбраны Единственным участником неограниченное количество раз, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан.

3. Срок полномочий Наблюдательного совета устанавливается Единственным участником. Срок полномочий Наблюдательного совета истекает на момент принятия Единственным участником решения об избрании нового состава Наблюдательного совета.

4. Единственный участник вправе досрочно прекратить полномочия всех или отдельных членов Наблюдательного совета.

5. Досрочное прекращение полномочий члена Наблюдательного совета по его инициативе осуществляется на основании письменного уведомления направляемого каждому члену Наблюдательного совета Единственному участнику. Полномочия такого члена Наблюдательного совета прекращаются с момента получения указанного уведомления всеми членами Наблюдательного совета и Единственным участником.

 SEMSEK	Положение о Наблюдательном совете товарищества с ограниченной ответственностью «Semser Security»	
ПЛ 2-04-12	Редакция 2	стр. 4 из 11

6. В случае досрочного прекращения полномочий члена Наблюдательного совета избрание нового члена Наблюдательного совета осуществляется решением Единственного участника. При этом полномочия вновь избранного члена Наблюдательного совета истекают одновременно с истечением срока полномочий Наблюдательного совета в целом.

7. Члены Наблюдательного совета избираются из числа лиц, предложенных (рекомендованных) к избранию в Наблюдательный совет в качестве представителей интересов Единственного участника.

8. Письменное предложение от остальных членов Наблюдательного совета о выдвижении кандидата должно быть направлено в адрес Единственного участника для рассмотрения.

9. Для избрания члена(ов) Наблюдательного совета Единственному участнику должна быть представлена следующая информации:

- 1) фамилия, имя и отчество кандидата;
- 2) возраст и образование кандидата;
- 3) место работы и занимаемые им должности за последние три года;
- 4) членство кандидата в органах иных юридических лиц;
- 5) о заключенных с Товариществом сделках.

Статья 4. Требования к члену Наблюдательного совета

1. Членом Наблюдательного совета может быть только физическое лицо.

2. Член Наблюдательного совета должен:

1) пользоваться доверием Единственного участника, других членов Наблюдательного совета и работников Товарищества;

2) уметь учитывать интересы всех заинтересованных лиц и принимать обоснованные решения;

3) обладать профессиональными знаниями, опытом работы и квалификацией, позволяющими вносить конструктивный вклад в деятельность Наблюдательного совета;

4) уметь оценивать коммерческие перспективы и риски;

5) обладать достаточным количеством времени, позволяющим ему эффективно исполнять возложенные на него функции. Член Наблюдательного совета при принятии решения об участии в органах другого юридического лица или принятии на работу в другой организации должен исходить из того, что для исполнения возложенных на него обязанностей должным образом, он должен располагать достаточным количеством времени.

Статья 5. Права членов Наблюдательного совета

1. Член Наблюдательного совета имеет право:

	Положение о Наблюдательном совете товарищества с ограниченной ответственностью «Semser Security»	
ПЛ 2-04-12	Редакция 2	стр. 5 из 11

1) требовать созыва заседания Наблюдательного совета путем направления письменного сообщения Председателю Наблюдательного совета, содержащего предлагаемую повестку дня заседания Наблюдательного совета. В случае отсутствия по уважительным причинам Председателя Наблюдательного совета либо отказа Председателя Наблюдательного совета в созыве заседания инициатор вправе обратиться с указанным требованием к Единственному участнику, который обязан созвать заседание Наблюдательного совета в течение десяти дней со дня поступления требования.

2) вносить замечания и предложения по повестке дня заседания Наблюдательного совета;

3) высказывать свое мнение по рассматриваемым Наблюдательным советом вопросам повестки дня. В случае не согласия с принятым Наблюдательным советом решением член Наблюдательного совета вправе в письменной форме изложить свою точку зрения (особое мнение);

4) участвовать в обсуждениях и задавать вопросы докладчикам, участвующим на заседании Наблюдательного совета;

5) требовать получения необходимой информации от Правления Товарищества и/или Генерального директора (Председателя Правления) Товарищества;

6) по своей инициативе досрочно прекратить свои полномочия путем письменного уведомления Наблюдательного совета и Единственного участника.

Статья 6. Обязанности члена Наблюдательного совета

1. Член Наблюдательного совета обязан:

1) осуществлять свою деятельность честно и ответственно в интересах Товарищества и Единственного участника;

2) воздерживаться от действий, которые приведут или потенциально способны привести к возникновению конфликта интересов между ним, Товариществом и Единственным участником, а в случае наличия или возникновения такого конфликта раскрывать информацию о нем Наблюдательному совету;

3) письменно уведомлять Наблюдательный совет о намерении совершить сделку с Товариществом, а также раскрывать информацию о заключенных им сделках с Товариществом;

4) уведомить Единственного участника о его избрании в органы другого юридического лица или принятия на работу в другой организации;

5) участвовать в заседаниях Наблюдательного совета. В случае невозможности участия в заседании Наблюдательного совета член

	Положение о Наблюдательном совете товарищества с ограниченной ответственностью «Semser Security»	
ПЛ 2-04-12	Редакция 2	стр. 6 из 11

Наблюдательного совета заранее уведомляет Председателя Наблюдательного совета об этом с объяснением соответствующих причин;

б) не разглашать и не использовать в личных интересах третьих лиц конфиденциальную информацию о Товариществе в период исполнения им обязанностей члена Наблюдательного совета и после завершения работы в АО «НК «КазМунайГаз» в течение пяти лет.

Статья 7. Председатель Наблюдательного совета

1. Наблюдательный совет возглавляет Председатель Наблюдательного совета, который назначается Единственным участником.

2. Председателем Наблюдательного совета назначается лицо, имеющее безупречную деловую репутацию и опыт работы на руководящих должностях, пользующееся безусловным доверием Единственного участника и членов Наблюдательного совета и обладающее такими качествами, как честность и принципиальность.

3. Срок полномочий Председателя Наблюдательного совета не может превышать срок полномочий Наблюдательного совета, указанный в п.1 ст.3 Положения.

4. По решению Единственного участника Председатель Наблюдательного совета может быть в любое время переизбран.

5. Председатель Наблюдательного совета в порядке, установленном законодательством и Уставом:

- 1) организует работу Наблюдательного совета Товарищества;
- 2) созывает заседания Наблюдательного совета и председательствует на них;
- 3) организует на заседаниях Наблюдательного совета ведение протокола;
- 4) заключает от имени Товарищества трудовой договор с Генеральным директором (председателем Правления) Товарищества, с установлением в соответствии с решением Наблюдательного совета размера должностного оклада. При этом трудовой договор должен предусматривать прямую зависимость материального поощрения и ответственности Генерального директора (председателя Правления) Товарищества от результатов оценки выполнения плана по мотивационным ключевым показателям деятельности, установленным Наблюдательным советом Товарищества;
- 5) заключает от имени Товарищества договор с аудиторской организацией на проведение ежегодного аудита;
- 6) согласование заграничных командировок Генерального директора (Председателя Правления) и членов Правления Товарищества;

 SEMSER	Положение о Наблюдательном совете товарищества с ограниченной ответственностью «Semser Security»	
ПЛ 2-04-12	Редакция 2	стр. 7 из 11

7) может возложить обязанности по проверке деятельности Правления Товарищества на одного из членов Наблюдательного совета или привлечь для выяснения некоторых вопросов специалистов;

8) иные вопросы, предусмотренные Законодательством и Уставом.

6. В случае отсутствия председателя Наблюдательного совета Товарищества его функции осуществляет один из членов Наблюдательного совета по решению Наблюдательного совета.

Статья 8. Порядок созыва и проведения заседаний Наблюдательного совета и оформления решений Наблюдательного совета

1. По мере необходимости заседания Наблюдательного совета могут созываться по собственной инициативе его председателя, по требованию Единственного участника, любого члена Наблюдательного совета, исполнительного органа, ревизионной комиссии.

2. Требование о созыве заседания Наблюдательного совета предъявляется Председателю Наблюдательного совета посредством направления соответствующего письменного сообщения, содержащего предлагаемую повестку дня заседания Наблюдательного совета.

3. Заседание Наблюдательного совета должно быть созвано Председателем Наблюдательного совета не позднее 10 (десяти) дней с даты поступления требования о созыве.

4. Письменное уведомление о проведении заседания Наблюдательного совета с приложением материалов по вопросам повестки дня заседания должны быть направлены секретарём Наблюдательного совета членам Наблюдательного совета не менее чем за 3 (три) календарных дня до даты проведения заседания.

5. Уведомление о проведении заседания должно содержать сведения о дате, времени и месте проведения заседания, а также его повестку дня.

6. Заседание Наблюдательного совета проводится с обязательным приглашением лица, предъявившего указанное требование.

На заседании Наблюдательного совета рассматриваются только вопросы, предусмотренные в повестке дня, за исключением вопросов принятых к рассмотрению на самом заседании единогласным решением членов Наблюдательного совета, присутствующих на заседании.

7. Материалы для заседания Наблюдательного совета, за исключением случаев, когда заседания Наблюдательного совета инициируются ревизионной комиссией Товарищества, должны быть своевременно подготовлены Правлением и представлены секретарю, членам Наблюдательного совета.

	Положение о Наблюдательном совете товарищества с ограниченной ответственностью «Semser Security»	
ПЛ 2-04-12	Редакция 2	стр. 8 из 11

8. Вопросы о принятии Наблюдательным советом решения об увеличении обязательств Товарищества на величину, составляющую 25 (двадцать пять) и более процентов от размера его собственного капитала, определяемого за отчетный период, предшествовавший дате увеличения обязательства Товарищества выносятся Правлением Товарищества на рассмотрение Наблюдательного совета не позднее пятнадцати календарных дней до подписания соответствующих договоров.

9. Материалы для заседания Наблюдательного совета должны включать всю информацию, необходимую для принятия Наблюдательным советом соответствующего решения, в том числе, краткое описание вопроса, выносимого на повестку дня, обоснование необходимости в принятии решения, основных проблем, последствий, возможных в случае принятия или непринятия решений.

10. В случае, если члену Наблюдательного совета для принятия решения необходимы иные, помимо предоставленных, материалы, инициатор вынесенного вопроса или созыва заседания Наблюдательного совета принимает меры по их предоставлению членам Наблюдательного совета.

11. Каждый член Наблюдательного совета имеет один голос. Решения по вопросам, рассматриваемым Наблюдательным советом, принимаются большинством голосов членов Наблюдательного совета. В случае равенства голосов, принимается решение, за которое проголосовал Председатель Наблюдательного совета Товарищества.

12. Заседание Наблюдательного совета признается правомочным, а условия кворума соблюдены, если присутствующие или представленные на нем члены обладают в совокупности более чем половиной от общего числа голосов. В случае, если общее количество членов Наблюдательного совета недостаточно для достижения кворума, определенного в настоящем пункте, Наблюдательный совет обязан требовать от Единственного участника Товарищества избрания новых членов Наблюдательного совета.

13. По усмотрению Председателя Наблюдательного совета, принятие решений Наблюдательным советом по вопросам, вынесенным на его рассмотрение, возможно посредством заочного голосования.

Заочное голосование членов Наблюдательного совета проводится путем сбора подписей членов Наблюдательного совета на составленном секретарем Наблюдательного совета проекте решения.

Решение заочного заседания Наблюдательного совета признается действительным при наличии подписей членов Наблюдательного совета в количестве, не менее двух третей от общего числа голосов.

14. Решения Наблюдательного совета, которые были приняты на его заседании, проведенном в очном порядке, оформляются протоколом, который должен быть составлен и подписан лицом, председательствовавшим на

 SEMSEK	Положение о Наблюдательном совете товарищества с ограниченной ответственностью «Semser Security»	
ПЛ 2-04-12	Редакция 2	стр. 9 из 11

заседании, и секретарем Наблюдательного совета в течение 3 (трех) дней со дня проведения заседания и содержать:

- 1) полное наименование и местонахождения Наблюдательного совета;
- 2) дату, время и место проведения заседания;
- 3) сведения о лицах, участвовавших в заседании;
- 4) наличие кворума;
- 5) повестку дня заседания;
- 6) вопросы, поставленные на голосование, и итоги голосования по ним;
- 7) принятые решения;
- 8) иные сведения по решению Наблюдательного совета.

15. Срок рассмотрения вопроса, вынесенного на рассмотрение Наблюдательного совета путем заочного голосования, каждым членом Наблюдательного совета не должен превышать пяти рабочих дней со дня его поступления на рассмотрение последнего.

16. Член Наблюдательного совета, воздержавшийся от голосования, либо проголосовавший против принимаемого решения по вопросу повестки дня, представляет письменное обоснование. Такое обоснование приобщается секретарем Наблюдательного совета к протоколу или решению Наблюдательного совета.

17. Протоколы заседаний Наблюдательного совета и его решения, принятые путем заочного голосования, хранятся в архиве Товарищества.

18. Секретарь Наблюдательного совета избирается членами Наблюдательного совета из числа работников Товарищества. Секретарь Наблюдательного совета не обладает полномочиями члена Наблюдательного совета и не имеет права голоса при проведении голосования членами Наблюдательного совета.

На каждое заседание Наблюдательного совета секретарем составляется повестка дня с приложением материалов по вопросам повестки. На заседании Наблюдательного совета секретарь отвечает за ведение протокола. Протокол заседания оформляется не позднее трех дней после его проведения и подписывается Председателем, всеми членами Наблюдательного совета и секретарем.

Секретарь Наблюдательного совета отвечает за полноту и достоверность сведений, отраженных в протоколе заседания Наблюдательного совета Товарищества.

19. Секретарь Наблюдательного совета по требованию члена Наблюдательного совета обязан предоставить ему протокол заседания Наблюдательного совета и решения, принятые путем заочного голосования, для ознакомления и (или) выдать ему выписки из протокола и решения, заверенные подписью секретаря Наблюдательного совета и оттиском печати Товарищества.

	Положение о Наблюдательном совете товарищества с ограниченной ответственностью «Semser Security»	
ПЛ 2-04-12	Редакция 2	стр. 10 из 11

Статья 9. Контроль за исполнением решений Наблюдательного совета

1. Контроль за исполнением решений Наблюдательного совета обеспечивается путем представления Наблюдательному совету отчетов от исполнителей, назначенных соответствующими решениями Наблюдательного совета.

2. В сроки, установленные Наблюдательным советом, Правление представляет отчеты об исполнении решений Наблюдательного совета.

3. По итогам рассмотрения представленных Правлением отчетов, Наблюдательный совет вправе в пределах своих полномочий дать Правлению необходимые поручения.

4. Секретарь Наблюдательного совета доводит принятые решения и соответствующие поручения до сведения Правления и информирует Наблюдательный совет о контрольных сроках исполнения решений Наблюдательного совета.

Статья 10. Ответственность членов Наблюдательного совета

1. Члены Наблюдательного совета могут быть привлечены к ответственности по требованию Единственного участника Товарищества по возмещению убытков, причиненных ими Товариществу. При этом они отвечают солидарно за убытки, вызванные совместным осуществлением ими ненадлежащего управления Товариществом.

2. Члены Наблюдательного совета могут быть солидарно привлечены к субсидиарной с Товариществом ответственности перед третьими лицами за убытки, которые эти лица понесли вследствие несостоятельности (банкротства) Товарищества, вызванной ненадлежащим осуществлением членами исполнительного органа управления Товариществом.

Статья 11. Вознаграждение членов Наблюдательного совета

1. По решению Единственного участника членам Наблюдательного совета в период исполнения ими своих обязанностей могут выплачиваться вознаграждения и (или) компенсироваться расходы, связанные с исполнением ими функций членов Наблюдательного совета, в рамках утверждённых сумм бюджета Товарищества.

2. Размеры таких вознаграждений и компенсаций устанавливаются решением Единственного участника по итогам работы за год. При этом Единственным участником при определении размера вознаграждений членов Наблюдательного совета должны учитываться срок пребывания члена

	Положение о Наблюдательном совете товарищества с ограниченной ответственностью «Semser Security»	
ПЛ 2-04-12	Редакция 2	стр. 11 из 11

Наблюдательного совета в его составе, производственные показатели деятельности Товарищества, исполнение бюджета и наличие чистого дохода.

Статья 12. Заключительные положения

1. Вопросы, не урегулированные настоящим Положением, разрешаются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

2. Настоящее Положение вступает в силу с момента утверждения его Единственным участником.